

**"Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1/700 бұйрығына  
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 6 ақпандағы № 36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1/700 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10223 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарларды карантиндеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

A. Сапаров

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және  
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

2025 жылғы 6 ақпандағы

№ 36 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы

министрінің

2014 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 7-1/700 бұйрығымен  
бекітілген

## Жануарларды карантиндеу қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарларды карантиндеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 8-бабының 46-17) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарларды карантиндеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккор (бұдан әрі – дереккор) – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке номірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көпденгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және үекілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алудың бір бөлігі;

2) бақылау аймағы – буфер (қорғаныш) аймағы мен қолайлы аймақ арасында белгіленген аймақ;

3) буфер (қорғаныш) аймағы – жануарлар ауруын қоздырғыштың әкелінуіне жол бермеу мақсатында ветеринариялық іс-шаралар жүргізу арқылы қолайлы аймақта немесе мәртебесі белгіленбеген аймақта жануарлар субпопуляциясының зоосанитариялық мәртебесін қорғау үшін белгіленетін аймақ;

4) жануарды ветеринариялық қарап-тексеру – жануар саулығының жалпы жай-күйін айқындау мақсатында ветеринариялық дәрігер, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор оған жүргізетін клиникалық қарап-тексеру;

5) жануарларды карантиндеу – диагностикалық зерттеулер мен ветеринариялық дауалау жүргізу мақсатында жаңадан келіп түскен, әкелінген, сатып алынған, әкетілетін, орны ауыстырылатын жануарларды оқшаулап ұстаяу;

6) қолайлы аймақ – жануарлардың жүқпалы ауруларынан ада аймақ;

7) қолайсыз аймақ – жануарлардың жүқпалы аурулары анықталған аймақ.

3. Жеке және занды тұлғалар осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, диагностикалық зерттеулер және ветеринариялық дауалау жүргізу мақсатында жаңадан келген, әкелінген, сатып алынған, әкетілетін, орны ауыстырылатын жануарларға карантиндеу жүргізеді.

Мыналардан (ға):

- 1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар (бұдан әрі – Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар) сақталған кезде ветеринариялық құжаттар мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дереккорында олар бойынша мәліметтерді көрсете отырып, жануарларды сою объектілерінде (ет өндеуші кәсіпорындарда) санитариялық союды жүргізу үшін оларды өткізууді қоспағанда, қолайсыз аймақтан;
- 2) буферлік (қорғаныш) аймақтан қолайлы аймаққа;
- 3) қолайсыз аймаққа;
- 4) вакциналанған қолайлы аймақтан вакциналанбаған қолайлы аймаққа;
- 5) вакциналанбаған қолайлы аймақтан тиісті ветеринариялық дауалауды жүргізбей вакциналанған қолайлы аймаққа;
- 6) экспорттаушы елдің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарына сәйкес келмеген кезде жануарларды әкелу, сатып алу, әкету, орны ауыстыру, келтіру жүзеге асырылмайды.

4. Егер жануарлар:

- 1) жөнелту пункті мен межелі пункт бойынша мәліметтер ветеринариялық құжаттарда және дереккорда көрсетіле отырып, олар эпизоотиялық жағынан қолайлы болған жағдайда, республика аумағы бойынша;
- 2) жөнелту пунктінің және межелі пункт бойынша мәліметтер ветеринариялық құжаттарда және дереккорда көрсетіле отырып, олардың аумағы бірдей аймақтарға бөлінген кезде республика аумағы бойынша;
- 3) мәліметтерін ветеринариялық құжаттарда және дереккорда көрсете отырып, жануарларды кейіннен санитариялық сою үшін жануарларды сою объектілеріне (ет өндеу кәсіпорындарына) жеткізу кезінде;
- 4) мәліметтерін ветеринариялық құжаттарда және дереккорда көрсете отырып, жөнелту пункті эпизоотиялық түрғыдан қолайлы болған кезде кейін сою үшін қайта келген, әкелінген, сатып алынған, әкетілген, орны ауыстырылған болса, онда жануарларды карантиндеу жүргізілмейді. Жануарларды сою межелі пунктте 72 (жетпіс екі) сағат ішінде жүргізіледі.

5. Үшінші елдерден әкелінетін немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында орны ауыстырылатын, республикадан үшінші елдерге әкетілетін

жануарларды карантиндеу ұзақтығы, егер жануарлардың нақты түрі бойынша ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарда өзгеше көзделмесе, кемінде күнтізбелік 21 (жиырма бір) күнді құрайды және ветеринариялық-профилактикалық, диагностикалық зерттеулер мен жануарларды ветеринариялық қарап-тексеруді жүргізуге және аяқтауға байланысты болады.

Үшінші елдерден әкелінетін немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында орны ауыстырылатын, республикадан үшінші елдерге әкетілетін жануарлар, егер жануарлардың нақты түрі бойынша ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарда өзгеше көзделмесе, жөнелтуші елде және алушы елде карантиндеуге қойылады.

6. Республика ішінде түрлі типпен аймақтарға бөлінген (бақылау аймағынан қолайлы аймаққа немесе қолайлы аймақтан бақылау аймағына немесе буферлік (қорғау) аймақтан бақылау аймағына немесе бақылау аймағынан буферлік (қорғау) аймаққа немесе вакциналанбаған қолайлы аймақтан вакциналанған қолайлы аймаққа) эпизоотиялық түрғыдан қолайлы әкімшілік-аумақтық бірліктерден (ке) жаңадан келген, әкелінген, сатып алғынған, әкетілетін, орны ауыстырылатын жануарларды карантиндеу ұзақтығы кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күнді құрайды.

Республика ішінде түрлі типпен аймақтарға бөлінген эпизоотиялық түрғыдан қолайлы әкімшілік-аумақтық бірліктен (ке) (бақылау аймағынан қолайлы аймаққа немесе қолайлы аймақтан бақылау аймағына немесе буферлік (қорғау) аймақтан бақылау аймағына немесе бақылау аймағынан буферлік (қорғау) аймаққа немесе вакциналанбаған қолайлы аймақтан вакциналанған қолайлы аймаққа) орны ауыстырылатын жануарлар, егер жануарлардың нақты түрі бойынша ветеринариялық-санитариялық талаптарда өзгеше көзделмесе, жөнелтушінің шаруашылық субъектісінде карантинделеді.

7. Республика ішінде вакциналанбайтын қолайлы аймақтан вакциналанатын қолайлы аймаққа жануарлардың орны ауыстырылған жағдайда, жануарларды вакциналау межелі пункте жүзеге асырылады.

8. Карантиндеу кезеңінде жануарлар ауырған және/немесе ауру жануарлар анықталған және/немесе жануарлардың саулығы қанағаттанарлықсыз болған жағдайда (температураның жоғарылауы, қатты сілекей ағуы, депрессия, жиі тыныс алу, сынықтар, жарақаттар, диарея, аяқ-қолдардың салдануы), жануарларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге және республика ішінде орнын ауыстыруға жол берілмейді.

Карантиндеу кезеңінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандығы № 7-1/559 бүйріғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) бекітілген Жануарларды, жануарлар мен адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса

қауіпті ауруларының тізбесіне енгізілген жануарлардың аса қауіпті аурулары анықталған кезде барлық карантинделетін жануарларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге және республика ішінде орын ауыстыруға жол берілмейді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, мемлекеттік ветеринариялық дәрігері осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген жануарларға қатысты ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес ветеринариялық іс-шаралар жүргізеді.

Егер жөнелтуші елінде (ұшінші елдер немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер) немесе межелі пунктте республика ішінде түрлі типпен аймақтарға бөлінген эпизоотиялық түрғыдан қолайлы әкімшілік-аумақтық бірліктен (ке) (бақылау аймағынан қолайлы аймаққа немесе қолайлы аймақтан бақылау аймағына немесе буферлік (қорғау) аймақтан бақылау аймағына немесе бақылау аймағынан буферлік (қорғау) аймаққа немесе вакциналанбаған қолайлы аймақтан вакциналанған қолайлы аймаққа) диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша жануарларда он (серологиялық, аллергиялық және басқа зерттеулер) реакциялар анықталса, онда ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) карантинделетін жануарлардың немесе осындай реакциялар белгіленген карантинделетін жануарлардың барлық партиясын әкелуден бас тартады.

Ұшінші елдерден немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінген жануарларды карантиндеу кезеңінде жануарлардың ауруы және/немесе ауру жануарлар анықталған кезде оларды карантиндеу мерзімдерін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы эпизоотиялық жағдайды анықтау және түпкілікті диагнозды белгілеу бойынша қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізу ұшін қажетті кезеңге тиісінше ұзартады. Егер жануарларда диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша он (серологиялық, аллергиялық және басқа да зерттеулер) реакциялар анықталса, ведомство мұндай жануарларды республикадан тыс жерлерге (Еуразиялық экономикалық аймаққа мүше мемлекеттерге немесе ұшінші елдерге) әкету мүмкін болмаған жағдайда, карантинделетін жануарлардың немесе осындай реакциялар белгіленген карантинделетін жануарлардың барлық партиясын әкелуден бас тартады. Мұндай жануарларды республикадан тыс жерлерге (ұшінші елдерге немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге) әкету мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандығы № 7-1/ 559 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен

шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зараарсыздандыру) және өңдеу қағидаларына сәйкес кәдеге жаратылады немесе жойылады.

9. Жануарларды карантиндеу кезеңінде жануарлар шаруашылық субъектісіндегі малдан бөлек күтіп-бағылады және жануарларды карантиндеу кезеңі аяқталғанға дейін басқа жануарлармен тікелей немесе жанама байланыста болуына жол бермеу шаралары қабылданады.

## 2-тарау. Жануарларды карантиндеу тәртібі

10. Жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – өтініш беруші) жануарларды жоспарланатын әкелгенге, сатып алғанға, өткізгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей ведомствоның аумақтық бөлімшесінің (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) кеңесі арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Өтініш беруші жануарларды әкету жоспарланғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей аумақтық бөлімшеге дерекқор арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Өтініш беруші жіберілген өтінішті кері қайтарып алу үшін аумақтық бөлімшенің кеңесі арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтарып алуға арналған өтінішті не дерекқор арқылы кері қайтарып алу себептерін көрсете отырып, оны кері қайтарып алады (өтінішке электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылғаннан кейін, дерекқорда өтінішке "Кері қайтарып алынды" деген мәртебе беріледі).

11. Аумақтық бөлімше кеңесінің қызметкері өтініш келіп түскен күні оны қабылдайды және тіркейді және жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторды тағайындастын аумақтық бөлімшенің басшысына жолдайды.

Өтініш беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініш келесі жұмыс күні қабылданады.

Аумақтық бөлімшениң кеңесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау оның көшірмесінде өтініштің күні, нөмірі, уақыты (сағат, минут), қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетілген тіркеу белгісі болып табылады.

Өтініш беруші дерекқор арқылы жүгінген жағдайда, "жеке кабинетте" нөмірді беру арқылы өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі. Өтініштің дерекқор арқылы келіп түскені туралы хабарлама бір мезгілде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшесінің (бұдан әрі – ЖАО бөлімшесі) басшысына келіп түседі.

Өтініш нөмірі әріптік және цифрлық символдардан тұрады (символдар сызықшамен бөлінеді), оның ішінде:

алғашқы екі символ – ҚР ҰҚ ISO 3166-1 "Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды;

үшінші символдан он бірінші символға дейін – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес облыстың, ауданың, ауылдық округтің коды;

он екінші символ – жануарларға карантиндеу жүргізілетін ауыл шаруашылығы жануарының цифрлық коды;

он үшінші символ – әліпби әріптері;

он төртінші және он бесінші символдар – құжаттың реттік нөмірі (егер реттік нөмір аяқталса, онда ол әліпби бойынша келесі әріпке өзгереді);

он алтыншы символ – өтініштің "Z" латын әрпі.

Жануарларға карантиндеу жүргізілетін ауыл шаруашылығы жануарларының цифрлық коды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына (бұдан әрі – Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес енгізіледі.

12. Жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініштің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Өтінім осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ол өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәжді бас тарту жолдайды.

Осы Қағидалардың 9-тармағының талаптары сақталмаған кезде жануарларды карантиндеу тоқтатылады, ал өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәжді бас тарту жолданады.

Уәжді бас тарту өтініш берушіге аумақтық бөлімшениң кеңесі арқылы (аумақтық бөлімшениң кеңесіне жүгінген жағдайда) не дерекқор арқылы (дерекқор арқылы жүгінген жағдайда) аумақтық бөлімше басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәланырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

13. Өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде аумақтық бөлімшесінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарларды карантиндеу жоспарын әзірлейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде жануарларды карантиндеу жоспарын ЖАО бөлімшесінің басшысымен келісілгеннен кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы бекітеді.

Жануарларды карантиндеу жоспарының нөмірі әріптік және цифрлық символдардан тұрады (символдар сзықшамен бөлінеді), олар мыналардан тұрады:

бірінші символдан он бесінші символға дейін – осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес берілген бірінші символдан он бесінші символға дейін өтініштің нөмірі;

он алтыншы символ – жануарларды карантиндеу жоспарының "Р" латын әрпі.

Жануарлардың келуі, әкелінуі, сатып алынуы, орнын ауыстыру кезінде жануарларды карантиндеу жоспары қағаз форматта әзірленеді, келісіледі және бекітіледі. Жануарларды карантиндеу жоспарының күні мен нөмірі эпизоотологиялық зерттеу-қарау актісін есепке алу және беру журналына енгізіледі.

Жануарларды әкету кезінде жануарларды карантиндеу жоспары дереккорда электрондық форматта әзірленеді, келісіледі және бекітіледі. Жануарларды карантиндеу жоспарының күні мен нөмірі дереккорда автоматты түрде жасалады.

Жануарларды карантиндеу жоспарының көшірмесі өтініш берушіге ол бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшениң кеңесі арқылы (аумақтық бөлімшениң кеңесі арқылы жүргінген жағдайда) не ол бекітілгеннен кейін автоматты түрде дереккор арқылы (дереккор арқылы жүргінген жағдайда) жіберіледі.

14. Жануарларды карантиндеу жоспарында әкелінетін жануарларды карантиндеуге қоюдың ұзақтығы мен шарттары, диагностикалық зерттеулерге, ветеринариялық емдеуге жататын жануарлар ауруларының тізбесі, олардың жүргізілген күні, вакциналау мерзімдері, ветеринариялық іс-шараларды, оның ішінде жануарлар ауруына, ауру жануарға құдіктенген кездегі шараларды жүргізуге жауапты адамдар.

Жануарларды карантиндеу кезеңінде диагностикалық зерттеулер жүргізуді жоспарлау кезінде диагностикалық зерттеулердің анық емес нәтижелерін алуды болдырмау мақсатында бұрын жүргізілген ветеринариялық өндеулер, жануарларды вакциналау туралы мәліметтер, аумақты аймақтарға бөлу және міндettі диагностикалық зерттеулер ескеріледі.

Жануарлар келіп түсken, әкелінген, сатып алынған, орны ауыстырылған кезде ірі қара малды бруцеллезге және туберкулезге, ұсақ малды, түйе мен шошқаны бруцеллезге, жылқыларды маңқаға, киенкіге, есек пен қашырды маңқаға міндettі диагностикалық тексерулер, асыл тұқымды жануарларды паратуберкулезге, трихомонозға (*Trichomonas fetus*), бұқаларға арналған кампилобактериозға (*Campylobacter fetusvenerealis*), хламидиозға, лептоспирозға (егер вакциналанбаған болса немесе профилактикалық мақсатта дегидрострептомицинмен немесе эквивалентті әсер беретін заттармен өнделмеген болса), инфекциялық ринотрахеит және ірі қара малдық вирустық диареясына (егер жануарлар алдын ала вакциналанбаған болса) қосымша зерттеулер туралы мәліметтер ескеріледі. Үшінші елдерден немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінген жануарларды карантиндеу кезеңінде диагностикалық зерттеулер жүргізуді жоспарлау кезінде межелі пунктте Шмалленберг ауруына мониторингтік диагностикалық

зерттеулер жүргізу ескеріледі. Егер алушы елдің аумағында жануарлардың басқа ауруларының профилактикасы және/немесе жойылуы бойынша бағдарламалар жүргізілсе ғана, осы ауруларға зерттеулер жүргізіледі.

Жануарларды әкету кезінде ірі қара малды бруцеллезге және туберкулезге, ұсақ малды, түйелер мен шошқаларды бруцеллезге, жылқыларды маңқаға, киенкіге, есек пен қашырды маңқаға міндепті диагностикалық зерттеулер, сондай-ақ экспорттаушы елдің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарын ескере отырып жоспарланады.

15. Үшінші елдерден әкелінген немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында орны ауыстырылатын жануарларды карантиндеу кезеңінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, Еуразиялық экономикалық комиссия көнеспінің 2014 жылғы 9 қазанды № 94 шешімімен бекітілген Объектілерге бірлескен тексерулер жүргізу және ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың (өнімдердің) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы ережені сақтай отырып жүзеге асырылады.

Жануарларға диагностикалық зерттеулер мен ветеринариялық емдеу карантиндеуге қойылған жануарлармен бірге келген ветеринариялық сертификатта және осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген ауруларға қарсы жүргізіледі.

Жануарларды үшінші елдерге әкеткен кезде оларды карантиндеу кезеңінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шараларды экспорттаушы елдің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптары сақтай отырып, жүргізіледі.

Республика ішінде жануарлардың орнын ауыстыру кезінде оларды карантиндеу кезеңінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шараларды эпизоотиялық жағдайға және жануарлардың келетін (әкелінетін) орны бойынша және осы Қағидалардың 14-тармағы ескеріле отырып, нақты нозологиялық бірлік үшін жүргізілетін ветеринариялық іс-шараларға байланысты аумағына жануарларды әкелу (орнын ауыстыру) жоспарланатын тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумақтың бөлімшесі айқындаиды.

Қосымша диагностикалық зерттеулер мен ветеринариялық өндеулерді (вакциналауды қоса алғанда) жүргізуге алушы елдің не алушы-шаруашылық жүргізуши субъектінің сұранымы бойынша не жануарларды карантиндеу кезеңінде оларда клиникалық белгілерімен аса қауіпті ауруларға күдік туындаған кезде жол беріледі.

16. Жануарларды карантиндеу кезеңінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар жануарларды карантиндеу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

17. Жануарларды карантиндеу кезеңінде мыналар жүргізіледі:

1) жануарларды ветеринариялық қарап-тексеру, жануарлардың термометриясы;

2) жануарларды карантиндеу жоспарында айқындалған жануарлар ауруларына қарсы ветеринариялық емдеу және диагностикалық зерттеулер.

Карантиндеуге қойылған жануарлар туралы ақпарат "Ветеринариялық есепке алу және есептілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 16-07/114 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) бекітілген нысандар бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды есепке алу журналына және жануарлар ауруларын есепке алу журналына (ауру тіркелген жағдайда) енгізіледі.

Карантинделетін жануарлар, карантиндеу кезеңінде жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар және олардың нәтижелері туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6321 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірме беру қағидаларына сәйкес дерекқорға енгізіледі.

18. Диагностикалық зерттеулерді мемлекеттік монополияға жатқызылған функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық ұйым жүргізеді. Жануарларды ветеринариялық өндеуді тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйым (бұдан әрі – ЖАО-ның ветеринариялық ұйымы) жүргізеді.

Жануарларды карантиндеу кезінде диагностикалық зерттеулер мен ветеринариялық өндеулер жүргізу Заңның 35-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау обьектілерінің меншік иелері есебінен жүзеге асырылады.

19. Егер жөнелтуші елдің немесе жөнелтуші шаруашылық жүргізуши субъектінің аумағындағы зерттеулер барысында диагностикалық зерттеулердің оң немесе күмәнді нәтижелері алынса, онда бұл туралы алушы елдің ветеринария саласындағы уәкілетті органы немесе алушы шаруашылық жүргізуши субъектінің орналасқан жері бойынша аумақтық бөлімшесі дереу хабардар етіледі. Егер алушы елдің немесе алушы шаруашылық жүргізуши субъектінің аумағындағы зерттеу барысында диагностикалық зерттеулердің оң немесе күмәнді нәтижелері алынса, онда бұл туралы жөнелтуші елдің ветеринария саласындағы уәкілетті органы немесе жөнелтуші шаруашылық жүргізуши субъектінің орналасқан жері бойынша аумақтық бөлімшесі дереу хабардар етіледі.

20. Карантиндеу нәтижелері бойынша диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы эпизоотологиялық зерттеу жүргізеді және 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін жасайды, оған мемлекеттік

ветеринариялық-санитариялық инспектор және ЖАО-ның ветеринариялық ұйымының ветеринария саласындағы маманы қол қояды.

Эпизоотиялық зерттеп-қарау актісінің нөмірі әріптік және цифрлық символдардан тұрады (символдар сзызықшамен бөлінеді):

бірінші символдан он бесінші символға дейін – осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес берілген бірінші символдан он бесінші символға дейін өтініштің нөмірі;

он алтыншы символ – эпизоотиялық зерттеп-қарау актісінің "A" латын әрпі.

Жануарлар келген, әкелінген, сатып алынған немесе орны ауыстырылған кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісі қағаз форматта жасалады және қол қойылады. Эпизоотиялық зерттеп-қарау актісінің күні мен нөмірі эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін есепке алу және беру журналына енгізіледі.

Жануарларды әкету кезінде эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісі дерекқорда электрондық форматта қалыптастырылады. Эпизоотиялық зерттеп-қарау актісінің күні мен нөмірі дерекқорда автоматты түрде қалыптастырылады.

Эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісі өтініш берушіге қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшениң кеңсесі (аумақтық бөлімшениң кеңсесіне жүгінген жағдайда) немесе дерекқор арқылы (дерекқор арқылы жүгінген жағдайда) жіберіледі.

21. Эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісі оған қол қойылған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн бойы жарамды болады.

22. Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдерге жаңадан әкетілген, Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттерге және республика ішінде орны ауыстырылған, карантиндеу кезеңі аяқталған жануарлар олар әкетілгенге, орны ауыстырылғанға дейін шаруашылық жүргізуші субъектідегі мал басынан бөлек күтіп-бағылады және басқа жануарлармен тікелей немесе жанама байланысты болдырмау шаралары қабылданады.

23. Жануарларды карантиндеу осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген эпизоотиялық зерттеп-қарау актісінің қолданылу мерзімі аяқталған және/немесе осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда, осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен қайталап жүргізіледі.

24. Карантиндеуден кейін импортталған жануарлар туралы деректер Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес ветеринариялық паспортты бере отырып, дерекқорға енгізіледі.

Шыққан елінде бірдейлендірілген имортталған ауыл шаруашылығы жануарлары шыққан елінде берілген жеке нөмірлерін сақтап қалады.

Жануарларды карантиндеу

қағидаларына

1-қосымша

Нысан



Кімге \_\_\_\_\_

(ветеринария саласындағы  
уәкілді органның ведомствоны  
аумақтық бөлімшесінің атауы)  
кімнен \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің  
аты (бар болса), тегі, жеке  
сәйкестендіру нөмірі/занды  
тұлғаның атауы, бизнес  
сәйкестендіру нөмірі))

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Отініш нөмірі: \_\_\_\_\_

## Отініш

(жануарлар саны)

жануарды карантиндеуді сұраймын.

Ауыл шаруашылығы жануар(лар)ының жеке нөмір(лер)і:

Ветеринария саласындағы уәкілді орган ведомствоның аумақтық бөлімшелері  
ауыл шаруашылығы жануар(лар)ы туралы мәліметтерді (түрі, жасы (тұган күні),  
тұқымы, жынысы) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі  
дереккордан алады.

Ондіріс объектісінің есепке алу нөмірі және қызмет түрі

Ондіріс объектісінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Экспорттаушы ел (әкету кезінде) \_\_\_\_\_

Импорттаушы ел (әкелу кезінде) \_\_\_\_\_

Жөнелтуші шаруашылық жүргізу什і субъектінің атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік  
(келген, сатып алған кезде) \_\_\_\_\_

Алушы шаруашылық жүргізу什і субъектінің атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік

(республика аумағында жануарлардың орны ауыстырылған кезінде)

Жоспарланған келу, әкелу, әкету, сатып алу, орнын ауыстыру күні 20 жылғы " "  
Байланыс телефондары \_\_\_\_\_

Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының  
заннамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы  
хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға

,  
сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өндеге, сактауға, түсіруге және пайдалануға  
келісім беремін.

Өтініш беруші немесе оның өкілі \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы /электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Күні: 20 жылғы " "



Данный документ согласно пункту 3 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»  
равносителен документу на бумажном носителе.

Жануарларды карантиндеу  
қагидаларына  
2-қосымша  
Нысан



Кімге\_\_\_\_\_

(ветеринария саласындағы  
уәкілетті органның ведомствоны  
аумактық бөлімшесінің атаяу)  
кімнен \_\_\_\_\_

((жеке тұлғаның аты, әкесінің  
аты (бар болса),  
тегі, жеке сәйкестендіру)

нөмірі/занды тұлғаның атауы,  
бизнес сәйкестендіру нөмірі))  
Мекенжайы \_\_\_\_\_

Отініш нөмірі: \_\_\_\_\_

## Кері қайтарыш алуға арналған өтініш

20 жылғы "\_\_\_" № өтінішті қарасыз қалдыруды сұраймын, себебі

---


Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өндеге, сақтауға, тұсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Отініш беруші немесе оның өкілі \_\_\_\_\_

---

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/электрондық цифровық қолтаңбасы)

Күні: 20 жылғы " "



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 2 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равносителен документу на бумажном носителе.

Жануарларды карантиндеу  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан



## Уәжді бас тарту

Берілген күні \_\_\_\_\_  
Отініш берушінің деректері \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі /  
занды

тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

Тіркеу орны \_\_\_\_\_

(облыс, аудан, қала/елді мекен)

Бас тарту себебі \_\_\_\_\_



Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор \_\_\_\_\_

(әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі,

қолы /электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Күні: 20 жылғы " "



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равноправен документу на бумажном носителе.

Жануарларды карантиндеу  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан



Келісілді

Басшы\_\_\_\_\_

(облыстың, республикалық  
маңызы бар қаланың және  
астананың жергілікті атқарушы  
органының ветеринария  
саласындағы қызметті жүзеге  
асыратын бөлімшесінің атауы)

\_\_\_\_\_  
(әкімшілік-аумақтық объект  
жіктеуішінің атауы)

\_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты (бар болса),

Бекітілді

Бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық  
инспектор \_\_\_\_\_  
(әкімшілік-аумақтық  
бірліктің атауы)

\_\_\_\_\_  
(әкімшілік-аумақтық  
объект жіктеуішінің атауы)

\_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты (бар болса),  
тегі)

тегі)

(күні және қолы  
/электрондық цифрлық  
қолтаңбасы)

(күні және қолы  
/электрондық  
цифрлық қолтаңбасы)





## Жануарларды карантиндеу жоспары

20 жылғы " " №

1.	Шаруашылық субъектісі туралы мәліметтер:
1.1	Иесі/ Атауы/ Жеке сәйкестендіру нөмірі / Бизнес сәйкестендіру нөмірі / Байланыс телефоны
1.2	Әкімшілік-аумақтық бірлік (КАТО)
1.3	Жануарларды карантиндеудің басталған күні
1.4	Экспорттаушы ел (әкету кезінде)
1.5	Импорттаушы ел (әкелу кезінде)
1.6	Жөнелтуші шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (келген, сатып алған кезінде)
1.7	Алушы шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (жануарларды республика аумағы бойынша өткізу кезінде)

2. Ветеринариялық іс-шаралар:

P/c №	Іс-шаралар атауы	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
2.1	Ветеринариялық-пр офилактикалық іс- шаралар (вакциналау)		
2.2	Диагностикалық зерттеулер:		



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 2 января 2003 года «Об электронном документе в электронной цифровой подписи» равновозначен документу на бумажном носителе.

Жануарларды карантиндеу  
жоспарына қосымша №  
20 жылғы " " \_\_\_\_\_

Нысан

## **Карантинделетін ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтер**

P/c №	Жануарларды бірдейлендіру нөмірі	Жануар түрі	Жасы (тылған күні)	Тұқымы	Жынысы
1					
2					
3					

Жануарларды карантиндеу  
қағидаларына  
5-қосымша

1-нысан

### **Эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісі**

20 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

(шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы және оның мекенжайы)

Мен \_\_\_\_\_

(эпизоотологиялық зерттеп-қарау жүргізген адамның аты, әкесінің аты (бар болса),  
тегі, лауазымы)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(эпизоотологиялық зерттеп-қарау объектісінің атауы, мекенжайы)

келген, әкелінген, сатып алғанған, орны ауыстырылған жануарларға  
эпизоотологиялық

зерттеп-қарау жүргіздім (керегінің асты сзылады)

Бұл ретте, мыналар анықталды:

Жануарды сатып алу кезеңі (әкелу, шаруашылық субъектісіне келтіру)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

Жануарларды карантиндеудің басталуы \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

Шаруашылықтың сипаттамасы (мамандануы, өсірілетін жануарлардың түрлері)

Сәйкестендіру нөмірлері көрсетілген, түрі мен жасына қарай топтарға бөлініп  
карантиндеуге қойылған жануарлардың саны:

№	Жануардың бірдейлендіру нөмірі	Жануар түрі	Жасы (туылған күні)	Тұқымы	Жынысы
1					
2					
3					

Жануарлар қайdan әкелінді \_\_\_\_\_

Карантиндеуде тұрган жануарларды шаруашылық субъектісінде бар жануарлар басынан бөлек күтіп-бағудың өзгешелігі

Жануарларды азықтандыру \_\_\_\_\_

Суат сипаттамасы \_\_\_\_\_

Жайылымдар сипаттамасы \_\_\_\_\_

Ағынды судың заарсыздандырылуы \_\_\_\_\_

Көң қоймасы мен көнді жинау \_\_\_\_\_

Азықты дайындау және сактау шарттары \_\_\_\_\_

Жануарлардан алынатын өнімді өткізу, залалсыздандыру шарттары

Басқа да шаруашылық байланыстар (үлкен жүретін және айдайтын жолдардан, елді мекендерден, ішкі сауда объектілерінен, қоқыс үйінділерінен, ет өндеу кәсіпорындарынан, ет-сүйек ұнын жасайтын зауыттардан ара қашықтығы)

Жануарларға азық жеткізу және қамтамасыз ету

Жануарларды карантиндеуге қойғанға дейін жүргізілген олардың диагностикалық зерттеулері

(аурудың атауы, өткізілген күні және нәтижелері)

Жануарларды карантинтеуге қойғанға дейін жүргізілген олардың өндөуі

---

---

---

(аурудың атауы, өткізілген күні, препараттың түрі, вакцина, қолдану тәсілі)

Жануарларға арналған құрылыштардың түрғын үйлерден қашықтығы және бөгде

адамдардың кіруінен қоршау тәсілдері

---

---

Бөгде адамдар шаруашылық субъектісіне қаншалықты жиі келеді

---

Шаруашылық субъектісінде қараусыз иттер мен мысықтардың бар-жоғы

---

Шаруашылық жүргізу субъектісінің ветеринариялық-санитариялық сипаттамасы

---

Ветеринария саласындағы мамандардың саны

---

Ветеринариялық персоналды арнайы жұмыс киімімен, шаруашылықты дезинфекциялау құралдарымен, ветеринариялық препараттармен қамтамасыз ету

---

---

Оларды сақтау шарттары

---

Басқа ветеринариялық-санитариялық объектілердің (санитариялық өткізу пункттері, дезинфекциялық кедергілер, өткізу алаңдары) бар-жоғы

---

---

## Жануарларға арналған қора-жайлар сипаттамасы

Көңкетіру механизмдерінің, жылу тасығыштардың, ағынды-сорғылы желдегу жүйесінің жұмысы

Шаруашылық объектісінің қызмет көрсетуші персоналмен жинақталуы

Жануарларды тазалау, жуындыру және серуендету қалай өтеді

Тышқан тәріздес кеміргіштердің бар-жоғы және олармен құрсау шаралары

Шаруашылық субъектісінің эпизоотикалық ахуалы

Карантиндеу кезеңінде жүргізілген жануарлардың диагностикалық зерттеулері (аурудың атауы, жүргізілген құні және нәтижелері) және ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар (иммундау түрі, аурудың атауы, жүргізілген құні):

№	Жануарлардың бірдейлеңдіру нөмірі	Жануар түрі	Жануарлардың диагностикалық зерттеулері					Профилактикалық іс-шаралар (вакциналау)	
			Зерттеу түрі	Ауру атауы	Зерттеу жүргізілген құн	Нәтижесі	Иммундау түрі	Ауру атауы	Вакциналау жүргізілген құн
1									
2									

Жануарларды ветеринариялық қарап-тексеру

Жануарларды карантиндеу жоспарына сәйкес өткізілген ветеринариялық іс-шараларды сипаттау

---

---

---

Косымша ақпарат (ауру белгілері бар жануарлар, ауру жануарлар анықталған кезде)

Корытынды

Жүргізілген эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін бағалау

Жануарларды карантиндеу нәтижелері (аяқтау, ұзарту)

Жануарларды карантиндеу кезеңін ұзарту себептері мен мерзімдері (жағдайлар туындағанкезде)

Косымша ұсынылған эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор

(әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы)

қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Ветеринария саласындағы маман

(әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы) (қолы, аты,

әкесінің аты (бар болса), тегі)

2-нысан



## Эпизоотологиялық зерттеп-қарau актісі

20 жылғы " " №

(шаруашылық субъектісінің атауы және оның мекенжайы)

Мен \_\_\_\_\_

(эпизоотиялық зерттеп-қарau жүргізген адамның аты, әкесінің аты (бар болса),  
тегі, лауазымы)

(елдің атауы)

Әкетілетін жануарларға эпизоотологиялық зерттеп-қарau жүргіздім (керегінің асты  
сызылады)

Бұл ретте, мыналар анықталды:

Жануарларды карантиндеудің басталуы \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

Жануарларды карантиндеудің аяқталуы \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

Шаруашылықтың сипаттамасы (бордақылау алаңын, шаруа қожалығын, фермер  
қожалығын, ауыл шаруашылығы кәсіпорнын көрсету) \_\_\_\_\_

Сәйкестендіру нөмірлері көрсетілген, түрі мен жасына қарай топтарға бөлініп  
карантиндеуге қойылған жануарлардың саны:

№	Жануарлардың бірдейлендіру нөмірі	Жануар түрі	Жасы (туылған күні)	Тұқымы	Жынысы
1					
2					
3					

Карантиндеуде тұрған жануарларды шаруашылық субъектісінде бар жануарлар  
басынан бөлек күтіп-бағудың өзгешелігі \_\_\_\_\_

Карантиндеу кезеңінде жүргізілген жануарлардың диагностикалық зерттеулері (аурудың атауы, өткізілген күні және нәтижелері) және ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар (иммундау түрі, аурудың атауы, жүргізілген күні):

№	Жануарлардың бірдейлеңдіру нөмірі	Жануар түрі	Жануарлардың диагностикалық зерттеулері				Профилактикалық іс-шаралар (вакциналау)		
			Зерттеу түрі	Ауру атауы	Зерттеулер жүргізілген күні	Нәтижесі	Иммундау түрі	Ауру атауы	Вакциналау жүргізілген күн
1									
2									

### Жануарларды ветеринариялық қарап-тексеру

---



---



---



---



---

Корытынды

Карантиндеу нәтижелері

---



---



---



---

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор

---

(әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы)



(электрондық цифрлық қолтаңбасы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Ветеринария саласындағы маман

---

(әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы)

(электрондық цифрлық қолтаңбасы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК